

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1995 жылғы 28 шілде N 2389

Елдің мемлекеттік өмірінің аса маңызды мәселелерін тікелей шешу жөніндегі халықтың құқығын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабын, "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабын басшылыққа ала отырып, қаулы етемін:

1. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум өткізілсін.

2. Республикалық референдумға: - Сіз, жобасы 1995 жылдың бірінші тамызында баспасөзде жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба? - деп тұжырымдалған сауал қойылып, Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасы ұсынылсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа сөздерімен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.08.07. N 2398 Жарлығымен.

3. Конституцияның жобасы оны бүкілхалықтық талқылауды ескере отырып толықтырылып, өзгертілген күйінде бұқаралық ақпарат құралдарында 1995 жылғы 1 тамызда ресми түрде жариялансын. Сонымен бірге Конституцияның жобасы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жолдансын.

4. Республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу кезінде республикалық референдум туралы қазір қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары басшылыққа алынсын.

5. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу референдумның Орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

6. Облыстардың, Алматы қаласының, қалалардың, аудандардың, қалалардағы аудандардың әкімдері осы Жарлық жарияланған соң жеті күн мерзім ішінде референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларын құрып, олардың құрамын белгілесін.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері қабылданған шешімдер туралы референдумның Орталық комиссиясына дереу хабарлайтын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, облыстардың, Алматы қаласының, қалалардың, аудандардың, қалалардағы аудандардың әкімдері республикалық референдумды ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданатын болсын.

8. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ